

Қазақстан
Республикасының
Қаржы нарығын
реттеу және дамыту
агенттігі



Агентство Республики
Казахстан по
регуливанию и
развитию
финансового рынка

БАНКТЕРДІ
ҚАДАҒАЛАП
СТРЕСС-ТЕСТІЛЕУ

ЕСЕБІ

2023

АББРЕВИАТУРАЛАР

ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
ҰЭМ	Ұлттық экономика министрлігі
ДБ	Дүниежүзілік банк
АДБ	Азия даму банкі
ЕАДБ	Еуразия даму банкі
AQR	Asset quality review (Активтер сапасын бағалау)
п.н.	Пайыздық нүктелер
б.н.	Базалық нүктелер
PD12m	12 айлық дефолт ықтималдығы
PDLT	Берешектің қолданылу мерзімі ішінде дефолт ықтималдығы
EAD	Дефолт болған жағдайдағы берешек сомасы
LGD	Дефолт болған жағдайдағы шығындар
CCF	Кредиттік конверсия коэффициенті
ECL	Күтілетін кредиттік зиян (резервтер)
TR	Бір сатыдан екінші сатыға өту ықтималдығы
КТ	Кредиттік тәуекел
НТ	Нарықтық тәуекел
ВТ	Валюталық тәуекел
ТПК	Таза пайыздық кірістер
ТПЕК	Таза пайыздық емес кірістер
ТКК	Таза комиссиялық кірістер
k1	Негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті
ХҚЕС 9	Халықаралық қаржылық есептілік стандарты – 9 (Қаржы құралдары)
ТПМ	Тиімді пайыздық мөлшерлеме (EIR)
ШОБ	Шағын және орта бизнес
САБҰ	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару жөніндегі еншілес ұйымдар
INDLOANS	Жеке қарыздар

АББРЕВИАТУРАЛАР

RETCON	Жеке тұлғалардың тұтынушылық кредиттері және басқа да кепілсіз қарыздары
RETCAR	Жеке тұлғалардың автокредиттері және басқа да қамтамасыз етілген (кепілді) қарыздары
RETEST	Жеке тұлғалардың жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген (ипотекалық) қарыздары
RETSML	ШОБ қарыздары
RETRET	Жеке тұлғалардың қарыздары
CORCOR	Заңды тұлғалардың қарыздары
LA	Өтімді активтер (шоттар, ҚРҰБ-дағы және банктердегі салымдар, кредиттік мекемелерге берілетін қарыздар, бағалы қағаздар портфелі)
RETDEP	Жеке тұлғалардың салымдары (депозиттері)
CORDEP	Заңды тұлғалардың салымдары (депозиттері)
BONDS & FCI	Шығарылған облигациялар және кредиттік мекемелердің қаражаты
GOV	Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде берілген қарыздар портфелі
NTI	Шетел валютасымен жасаған операциялардан түскен таза кірістер
OPEX	Операциялық шығыстар
OTH.INC. & OTH.EXP.	Басқа да да кірістер мен шығыстар

<u>Кіріспе</u>	5
<u>ҚСТ 2023 командасы</u>	6
<u>ҚСТ процестері мен рәсімдері</u>	7
<u>Негізгі нәтижелер</u>	9
<u>Әдіснамалық аспектілер</u>	12
<u>Кредиттік тәуекел</u>	13
<u>Нарықтық тәуекел</u>	14
<u>ТПК</u>	15
<u>ТПЕК</u>	16
<u>ҚСТ 2023 сценарийі</u>	17
<u>Кредиттік тәуекел</u>	21
<u>Бастапқы жағдайға шолу</u>	
<u>Кредиттік тәуекел бойынша нәтижелер</u>	
<u>Кредиттік портфельдер бойынша нәтижелер:</u>	
<u>Жеке қарыздар (INDLOANS)</u>	
<u>Тұтынушылық кепілсіз қарыздар (RETCOR)</u>	
<u>Ипотекалық қарыздар (RETEST)</u>	
<u>Автокредиттер және басқа да кепілді қарыздар (RETCAR)</u>	
<u>Шағын және орта бизнеске қарыздар (RETSML)</u>	
<u>Корпоративтік сектор қарыздары (CORCOR)</u>	
<u>Қаржы институттарына қарыздар (FINFIN)</u>	
<u>Нарықтық тәуекел</u>	32
<u>Бастапқы жағдайға шолу</u>	
<u>Мыналар бойынша нарықтық тәуекел нәтижелері:</u>	
<u>Нарықтық күйзелістер</u>	
<u>Облигациялар</u>	
<u>Инвестициялар мен жылжымайтын мүлік</u>	
<u>Таза пайыздық және пайыздық емес кірістер</u>	36
<u>ТПК бастапқы жағдайына шолу және ҚСТ нәтижелері</u>	
<u>ТПЕК бастапқы жағдайына шолу және ҚСТ нәтижелері</u>	
<u>Қорытынды</u>	41

КІРІСПЕ



Құрметті оқырмандар,

Сіздердің назарларыңызға Қазақстанның банк секторын қадағалап стресс-тестілеу нәтижелері бойынша алғашқы есепті ерекше жауапкершілікпен ұсынамын. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі дайындаған бұл құжат біздің банктеріміздің ашықтығын арттыру және қаржылық тұрақтылығын нығайту бағытындағы маңызды қадам болып табылады.

Қадағалап стресс-тестілеу (ҚСТ) банктердің ықтимал экономикалық күйзелістер мен дағдарыстық жағдайларға қаншалықты дайын екендігін бағалау үшін жүргізіледі. Бұл қаржы жүйесіндегі ықтимал осалдықтарды анықтап қана қоймай, оларды жою үшін уақтылы шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін тәуекелге бағдарланған қадағалаудың негізгі элементі. Еуропалық Орталық Банктің әдіснамасы сияқты халықаралық стандарттар мен үздік практикаларды қолдану нәтижелердің жоғары дәлдігі мен сенімділігіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2023 жылы талдау активтері мен кредиттік портфельдері елдің банк секторының жалпы активтері мен кредиттік портфельдерінің сәйкесінше 84%-ын және 85%-ын құрайтын 11 банкке жүргізілді. Оның нәтижелері стресстік сценарийлер жағдайында да банктер нормативтік талаптардан едәуір асатын капиталдандырудың жеткілікті деңгейін сақтайтынын көрсетті.

Бұл нәтижелер банктер жүзеге асыратын тәуекелдерді басқару стратегияларының тиімділігін және олардың өзгермелі экономикалық жағдайларға бейімделу қабілетін растайды. Сонымен бірге олар жалпы алғанда Қазақстанның банк жүйесінің беріктігі мен сенімділігін көрсетеді.

Қаржылық орнықтылықты нығайтумен қатар қадағалап стресс-тестілеу жекелеген банктер мен бүкіл банк жүйесі деңгейінде тәуекелдерді тереңірек және жан-жақты түсінуді қалыптастыруға да ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, барынша сапалы және тиімді реттеуді қамтамасыз ете отырып, бізге қадағалау әдістемелері мен құралдарын жетілдіруге көмектеседі.

Банк секторының барлық қатысушыларына белсенді түрде қатысқаны және тәуекелдерді басқаруды жетілдіруге ұмтылғаны үшін алғыс білдіремін. Біздің командамызға осы маңызды жобаны табысты жүзеге асыруда маңызды болған кәсібилігі мен терең білімі үшін ерекше алғыс айтамын.

Құрметпен,

Мәдина Әбілқасымова

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Төрағасы

ҚСТ 2023 КОМАНДАСЫ



Иван Мойсов
департамент директоры



Тимур Әбілқасымов
ҚНРДА Төрағасының
кеңесшісі



Азат Өлібеков
департамент
директорының
орынбасары



Шыңғыс Шунеев
басқарма бастығы
макроқаржылық
сценарийлерді әзірлеу
блогының жетекшісі



Нұрсұлтан Әбиев
басқарма бастығы
ҚСТ жобасының және
қаржылық тәуекелдерді
бағалау блогының
жетекшісі



Дәулет Черьязданов
басқарма бастығының
орынбасары



Мағжан Бимолдан
«кредиттік тәуекелдер»
блогы бойынша
орындаушы



Әйгерім Әбілова
«кредиттік тәуекелдер»
блогы бойынша
орындаушы



Рамазан Зейнула
«нарықтық тәуекелдер»
блогы бойынша
орындаушы



Елжан Сағынбай
«нарықтық тәуекелдер»
блогы бойынша
орындаушы




Гүлима Каукаева
«ТПК» блогы бойынша
орындаушы
жоба үйлестірушісі



Гүлнора Ниязова
«валюталық тәуекелдер» және
«ТПЕК» блогы бойынша
орындаушы

ҚСТ ПРОЦЕСТЕРІ МЕН РӘСІМДЕРІ

□ ПРОЦЕСТЕР



Қазақстанның банк секторындағы стресс-тестілеу процесі активтердің сапасын тұрақты бағалаудан (AQR) кейін жүзеге асырылады және оның нәтижелері қатысушы банктерді одан әрі талдау үшін негіз болады. Дайындық кезеңінде ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі деректерді жинаумен, тексеру модельдерін калибрлеу, сценарийлерді әзірлеумен және қажеттілігіне қарай әдіснамалық өзгерістер енгізумен айналысады.

Стресс-тестілеу процесін терең түсінуді қамтамасыз ету үшін банк мамандарына оқыту сессиялары өткізіледі. Бұл қатысушыларға рәсімдермен және әдіснамамен танысуға мүмкіндік береді. Ұйымдастырушылық және әдіснамалық аспектілер бойынша консультациялар алу үшін банктерге арналған үнемі жаңартылып отыратын сұрақ-жауап арнасы құрылған болатын.

Стресс-тестілеу нәтижелерін тексеру және үйлестіру төрт кезеңнен тұрады. Әр кезең ішінде банктер Агенттікке бекітілген шаблон бойынша сценарийлердің әсерін талдау нәтижелерін ұсынады. Агенттік бұл нәтижелерді талдайды және банктерге пысықтау үшін кері байланыс береді. Банк төрт итерация шеңберіндегі ескертулерді жоя алмаған жағдайда, Агенттіктің тексеру модельдерінің нәтижелері түпкілікті ретінде қабылданады.

2024 жылдан бастап қадағалау циклы шеңберінде қадағалап стресс-тестілеу нәтижелері аясында капиталға жаңа буфер енгізіледі. Бұл шара ықтимал қолайсыз өзгерістер жағдайында қаржылық тұрақтылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ете отырып, банктердің экономикалық күйзелістерге орнықтылығын арттыруға бағытталған.

ҚСТ ПРОЦЕСТЕРІ МЕН РӘСІМДЕРІ

❑ РӘСІМДЕР

Банктер арасындағы нәтижелердің салыстырылуын қамтамасыз ету мақсатында жыл сайынғы негізде бірыңғай базалық және стресстік сценарийлер әзірленеді. Банктер осы сценарийлерді пайдалана отырып ҚСТ Әдіснамалық нұсқауының талаптарына сәйкес өзіндік бағалау жүргізеді және кредиттік және нарықтық тәуекелдерге ұшырағыштығын қалыптастырады, сондай-ақ таза пайыздық және пайыздық емес кірістердің өзгеруін талдайды

Дұрыс қорытынды нәтижелерді алу үшін Top-down және Bottom-up тәсілдерін қарастыратын модель пайдаланылады.

- **Top-down (жоғарыдан төмен)** – реттеуші есептеуді бірыңғай берілген сценарий бойынша қолжетімді реттеушілік ақпаратты пайдалана отырып жүргізеді.
- **Bottom-up (төменнен жоғары)** – банктер есептеуді белгіленген әдіснамалық талаптарға және реттеушінің бірыңғай берілген сценарийіне сәйкес ішкі деректерді пайдалана отырып жүргізеді.

ҚСТ схемалық шолу



НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

2023

ҚСТ 2023 НӘТИЖЕЛЕРІ

НӘТИЖЕЛЕРГЕ ШОЛУ


2023 жылы ҚСТ аясына 01.01.2023 ж. жағдай бойынша активтердің 84%-ы және банк секторының несие портфелінің 85%-ы тиесілі 11 банк кірді (сәйкесінше 37,4 трлн. теңге және 20,5 трлн. теңге).

ҚСТ тұжырымдамасына сәйкес 12 болжамды тоқсан ішінде капиталдың ең аз жеткіліктілігі – қорытынды сандық нәтиже болып табылады.


ҚСТ нәтижелері бойынша қатысушы банктердің Стресстік сценарийдегі негізгі капиталының (k1) жиынтық жеткіліктілігі 2024 жылғы II тоқсанда **13,9%-ды** құрады, бұл буферлерді есепке алмағанда нормативтік ең аз мәні **5,5%**-дан айтарлықтай артық.

Негізгі капиталдың жеткіліктілігін төмендетудің негізгі әсері кредиттік (-5,2 п.н.) және нарықтық (-2,4 п.н.) тәуекелдерге ұшырау нәтижесінде туындайды. Банктердің таза пайыздық және пайыздық емес кірістері тәуекелдердің әсерін **6,6 п.н.** көтереді.


Капитал жеткіліктілігі (k1)



Тәуекелдердің стресстік сценарийдегі k1-ге әсері



Банк секторының активтерінен үлес (%-бен) және кредит портфелінің көлемі (трлн теңге)



ҚСТ 2023 НӘТИЖЕЛЕРІ

КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

AQR 2023 нәтижелері бойынша негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (k1) **1,6 п.н.** төмендеп, провизиялармен қамту коэффициенті **2,2 п.н.** ұлғаюы есебінен **15,1%** мөлшерінде қалыптасты.

Стресстік сценарийдің алғышарттарына сәйкес ҚСТ нәтижелері бойынша провизиялау коэффициенті болжамды аралықтың соңында **9,9 п.н.** өсіп **20,1%-ды** құрады.

Факт – 8,0%
AQR – 10,2%
ҚСТ – 20,1%

Провизиялау коэффициентінің өсуінің негізгі драйвері ҚСТ аралығында PD12m, PDLT, LGD, EAD және TR тәуекел көрсеткіштерінің ұлғаюы себеп болып табылады.

НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Нарықтық тәуекелге негізгі бейімділігі әділ құны бойынша есепке алынатын облигациялар портфелінде шоғырланған.




Стресстік сценарийде көзделген нарықтық мөлшерлемелердің жылдам өсуіне байланысты банктердің баланстарындағы облигациялардың әділ құнын теріс қайта бағалау деңгейі **(-369) млрд.** теңгені құрады.

Активтердің теріс қайта бағалануының және валюта бағамының кері әсері, банктердің пайыздық және валюталық тәуекелдерді хеджілеу ТҚҚ пайдалана отырып, ағымдағы стратегияларымен ішінара реттелетінін атап өткен жөн.

ТПК және ТПЕК

Стресстік сценарийде ТПК және ТПЕК-нің төмендеуі банктердің пайыздық міндеттемелері бойынша шығыстардың ұлғаюына (қорландыру мөлшерлемелерінің өсуі), сондай-ақ пайыздық және комиссиялық кірістер әкелетін активтер үлесінің төмендеуіне (активтердің құнсыздануы) негізделген.

ТПК, ТПЕК-нің серпіні млрд теңгемен



Стресстік сценарийдегі ТПК және ТПЕК-тер айтарлықтай төмендеулеріне қарамастан, бұл кіріс түрлері тәуекелдің басқа да түрлерінен туындайтын шығындарды өтеуге мүмкіндік береді.

**ҚСТ
ӘДІСНАМАСЫ**

2023

ҚСТ ӘДІСНАМАСЫ

КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

Кредиттік тәуекел ҚР банктерінің қызметіне елеулі әсер ететін негізгі тәуекел болып табылады. Тәуекелдің бұл түрі контрагенттің банк алдындағы қаржылық және өзге де мүліктік міндеттемелерді, оның ішінде экономикалық ортадағы өзгерістердің немесе өзге де сыртқы факторлардың себебінен орындамауына байланысты жүзеге асады.

ҚСТ контекстінде кредиттік портфель тоқсандық экономикалық ауытқуларды ескере отырып бағаланылатын актив ретінде қарастырылады. Талданып отырған негізгі тәуекел көрсеткіштері PD, LGD, EAD (*CCF арқылы баланстан тыс міндеттемелерді ескере отырып*), сондай-ақ кредиттік құнсыздану кезеңдері арасындағы қарыздардың (TR) ауысуы ықтималдығын ХҚЕС 9 стандартына сәйкес қамтиды.

Тоқсандық күйзелістердің көшуі

Макроэкономикалық күйзелістерді тәуекел көрсеткіштеріне көшіру статистикалық модельдерді, басым жағдайда көптік сызықтық регрессияны қолдану арқылы жүзеге асырылады. Жеке

жағдайларда банктер Васичек моделін пайдаланады.

ҚСТ мақсаттары үшін банктер кредиттік тәуекелді талдау үшін қолданыстағы модельдерді бейімдейді немесе жаңа модельдерді Әдіснамалық нұсқаулықтың қатаң талаптарына сәйкестендіріп әзірлейді.

Аталған модельдерді қолдану процесі бірнеше негізгі кезеңдерден тұрады:

- қажетті деректерді дайындау және жинау;
- стресс-тестілеудің қолданыстағы модельдерін бейімдеу немесе жаңа модельдерді әзірлеу;
- модельдердің барабарлығын және алынған нәтижелердің түсіндірілуін тексеру үшін статистикалық сынақтар жүргізу.

Модельдер негізінде әрбір портфель үшін 1 және 2-сатылардан 3-сатыға өткен қарыздар бойынша EAD, талап етілетін резервтеу деңгейі анықталады және банктердің негізгі капиталының жеткіліктілігі коэффициентіне қорытынды әсер көрсетіледі.

Кредиттік тәуекелді бағалау кезінде тоқсандық күйзелістердің тәуекел көрсеткіштерге көшуінің иллюстрациялық мысалы

Мысалы, А Банкінде $PD_{12m} = 0,56\%$ және $LGD = 8,1\%$ ипотекалық қарыздар портфелі бар. А Банкінің талдаушылары тарихи PD қатарларымен нақты ІЖӨ-нің (Real GDP) және айырбастау бағамымының (XRATE) арасындағы корреляцияны төмендегі көптік регрессия моделін құру арқылы тапты:

$$PD_{12M} = 0,0002 - 1,65 * Real\ GDP + 0,73 * XRATE.$$

Болжам бойынша, Стресттік сценарийдің ең нашар тоқсанында ІЖӨ-нің нақты өсуі 3%-ға төмендеуін және айырбастау бағамы 5%-ға өседі деп күтілуде. Бұған қосымша кепілдегі жылжымайтын мүлік құнының 16,9%-ға төмендеуі күтілуде.

Құрылған модельді пайдалану кезінде PD_{12m} -ге жалпы әсер 0,56%-дан 8,62%-ға дейін ұлғайып, жылжымайтын мүлік құнының төмендеуі есебінен LGD 25%-дық деңгейде қалыптасады.

Нәтижесінде, тәуекел көрсеткіштерді түзету әсерінен резервтеу коэффициенті 0,05%-дан 2,16%-ға дейін артады. Тиісінше, А Банк капиталының жеткіліктілігіне әсерді көрсете отырып, күтілетін кредиттік шығындар үшін қосымша резервтер құру есебінен қосымша шығындарға ұшырайды.

Осылайша, тоқсандық күйзелістер шеңберінде PD және LGD модельдегі макроэкономикалық айнымалылардың қозғалыс траекторияларын ескере отырып, әр тоқсанға қайта есептелуі мүмкін. Бұл жағдайда модель түсінікті және статистикалық талаптарға сай болуы керек.

ҚСТ ӘДІСНАМАСЫ

НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Нарықтық тәуекел – банктердің сауда портфелінің негізгі тәуекелі болып табылады және экономикадағы өзгерістерге жоғары сезімталдыққа ие болғандықтан капиталдың жеткіліктілігіне мезеттік әсер етеді.

ҚСТ-да әділ құны бойынша бағаланатын облигациялар, жылжымайтын мүлік, туынды қаржы құралдары, акциялар және өзге де активтер қайта бағалауға жатады.

Нарықтық тәуекелге ұшырауға бейім активтің әрбір түрі бойынша Әдіснамалық нұсқауға сәйкес, тиісті күйзеліс түрі қолданылады. Өтімділігі жоғары активтер үшін – мезеттік, өтімділігі төмен активтер үшін – тоқсандық күйзеліс.

Мезеттік күйзелісті қолдану кезінде қаржы құралдары өлшемдерінің өзгеруі ҚСТ бірінші тоқсанында бір сәтте жүргізіледі, ал тоқсандық күйзелісте өзгерістер тоқсан сайын көрсетіліп отырады.

Нарықтық тәуекелге ұшырауға бейім активтерді қайта бағалау үшін банктер жеке әдіснамалық шектеулерді ескере отырып, дербес тәсілдерді қолданады.


Төменде банктер қолданатын тәсілдердің мысалдары келтірілген:

- **Облигациялар:** баланстық құнды қайта бағалау түрлендірілген дюрация, облигацияның конвекциясы немесе дисконтталған ақша ағындарының моделі арқылы жүзеге асырылады;
- **Жылжымайтын мүлік:** баланстық құнды қайта бағалау жылжымайтын мүлік бағасының индексіне тепе-тең немесе статистикалық модельдеу арқылы жүргізіледі;
- **ТҚҚ:** базалық активтің құнына және пайыздық мөлшерлемелерге түзетумен таза келтірілген құн негізінде қайта бағаланады;
- **Акциялар және инвестициялар:** саудаға түсетін компаниялар құнының болжамды индекстер негізінде қайта бағаланады.

Иллюстрация үшін төменде нарықтық пайыздық мөлшерлеме өскен жағдайда (ΔУТМ) облигацияларды қайта бағалау үшін мезеттік күйзелістің көшуінің мысалы келтірілген.

Экономикалық дағдарыстар басым жағдайда нарықтық мөлшерлемелердің өсуімен қатар жүреді, бұл, өз кезегінде, нарықта бұрын шығарылған облигациялардың тартымдылығын төмендетеді және олардың айтарлықтай құнсыздануына әкеледі.

Түрлендірілген дюрация арқылы облигацияларды қайта бағалау үшін мезеттік күйзелістің көшуі



ҚСТ ӘДІСНАМАСЫ

ТПК

Таза пайыздық кіріс – банктердің активтері мен міндеттемелеріне байланысты пайыздық кірістер мен пайыздық шығыстар арасындағы нетто айырм.

ҚСТ-да банктердің пайыздық кірістері мен пайыздық шығыстарын модельдеу тиімді пайыздық мөлшерлемені (ТПМ) қолдана отырып, тоқсан сайынғы негізде жүргізіледі.

ҚСТ шеңберінде ТПМ-нің өзгеруін есептеу үшін екі тәсіл қарастырылған:

1) Стресстік сценарийде ҚСТ-ның есепті күніне дейін бір жыл ішінде ТПК-тің **90%-нан асырмай** ішкі модельдерді қолдану;

2) ҚСТ-ның есепті күніне дейін бір жыл ішінде ТПК-ның **80%-нан аспайтын мөлшерде** консервативті

коэффициентті қолдана отырып, жеңілдетілген тәсіл.

ТПК-нің өзгеру факторлары:


- ✓ сценарийде референстік мөлшерлемелердің өзгеруі (мысалы, МБҚ, TONIA және т.б. мөлшерлемелері)
- ✓ 3-сатыда активтердің үлесі мен баланстық құнының өзгеруі
- ✓ айырбастау бағамына түзету

ҚСТ шегінде 1 және 2-сатыдағы активтер үшін пайыздық кіріс провизиялар мен есептелген кірістерді ескермей саналады, ал 3-сатыдағы активтер үшін пайыздық кіріс ХҚЕС-ке сәйкес тек активтердің таза баланстық құны негізінде есептеледі.


Әрбір портфель бойынша 1 және 2-сатыдағы, сондай-ақ 3-сатыдағы активтердің баланстық құны AQR нәтижелеріне түзетіледі.

Күйзелістерді ТПК-ге көшіру

1-қадам: Пайыздық мөлшерлеменің күйзелісі есебінен ТПК-нің өзгеруін есептеу



2-қадам: Кредиттік тәуекелдің есебінен ТПК-нің өзгеруін есептеу



3-қадам: Валюталық тәуекел есебінен ТПК-нің өзгеруін есептеу



ҚСТ ӘДІСНАМАСЫ

ТПЕК

Таза пайыздық емес кіріс – бұл банктің пайыздық емес кірістері мен пайыздық емес шығыстарының арасындағы нетто айырымы.

ТПЕК-тің бағалау аясына келесі кірістер мен шығыстар қарастырылады:

- комиссиялар және дивидендтер;
- операциялық;
- қайта бағалаудан және шетел валютасымен операциялардан түсетін;
- ұйымның жарғылық капиталына қатысу үлесінің өзгеруінен түсетін;
- корпоративтік табыс салығы және дивидендтер төлеу.

Әдіснамалық нұсқауға сәйкес болжамды мәндерден бір реттік оқиғалардың нәтижесінде пайда болған

кірістер мен шығыстарды алып тастау жүргізіледі.

ТКК болжау екі тәсілдің бірін қолданған кезде ғана мүмкін:


1) соңғы 3 жыл ішіндегі орташа мәннің **90%-нан асырмай** ішкі модельдерді қолдану;

2) соңғы 3 жыл ішінде ТКК-нің орташа мәнінің консервативті **80%-ы мөлшерінде** жеңілдетілген тәсіл негізінде.

Валюталық операциялардан түсетін таза кірістер, осы операциялардың түрінен тарихи расталған кірістер болған жағдайда ғана болжауға жатады, ал басқа жағдайда бұл кірістер нөлге теңестіріледі.

Операциялық шығыстар және басқа кірістер мен шығыстар соңғы 3 жыл ішіндегі орташа мәндерден кем емес деңгейде белгіленеді.

Күйзелістерді ТКК-ға көшіру



ҚСТ СЦЕНАРИЙІ

2023

ҚСТ 2023 СЦЕНАРИЙІ

ҚСТ өткізу үшін Агенттік ҚРҰБ-пен бірлесіп, кейінгі 3 жылда макроэкономикалық ахуал дамуының базалық және стресстік сценарийлері әзірлейді. Стресстік сценарий тек екінші деңгейдегі банктерді стресс-тестілеу үшін ғана пайдаланылады және Қазақстандағы экономикалық жағдайдың дамуын нақты күту болып табылмайды.

Базалық сценарий – ҰЭМ, ҚРҰБ, ХВҚ, ДБ, АДБ, ЕАДБ болжамдары және ҚРҰБ макроэкономикалық сауалнамасының нәтижелері негізіндегі консенсус болжам.

Стресстік сценарий – Қазақстан экономикасына елеулі теріс әсер ететін гипотетикалық дағдарыс.

Сценарий көрсеткіштеріне нақты ІЖӨ серпіні (оның ішінде салалар бөлінісінде), инфляция, жылжымайтын мүлік бағасы, Қазақстан қор биржасының индексі, айырбас бағамдары, пайыздық мөлшерлемелер және басқа да көрсеткіштер (**барлығы 59 көрсеткіш**) жатады, олар экономикалық белсенділік, қаржылық жағдайлар, пайыздық мөлшерлемелер, халықаралық айналыстар сияқты бөлімдер бойынша топтастырылған.

Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді модельдеу негізгі тәуекелдердің әсерін бағалауды ескере отырып жүзеге асырылады және жүзеге асырудың қатаңдығымен және шынайылық деңгейімен сипатталады.

Күйзелістің шынайылығын бағалаудың негізгі өлшемшарттары: әлемдік және ұлттық экономикалық тарихта ұқсас стресстік жағдайлардың, күйзелістің ықтимал іске асырылуы туралы ескертетін сигналдардың болуы, макроэкономикада немесе банк секторында күйзелістің ықтимал іске асырылуын күту.

Стресстік сценарийдің қатаңдығы мен шынайылығын бағалау кезінде оның контрциклділігі ескеріледі. Сондықтан экономикалық өрлеу кезеңінде сценарийге неғұрлым жоғары консервативтік макрокөрсеткіштер енгізілсе, ал экономикалық құлдырау кезеңінде төмен консервативтік көрсеткіштер қарастырылады.

Әдіснамаға сәйкес сценарийлер 2023 жылдан 2025 жылға дейін 12 тоқсанды қамтиды. ҚСТ сценарийлері 2023 жылғы 2-тоқсанда әзірленгендіктен, 2023 жылғы 1-тоқсанда қалыптасқан нақты деректер пайдаланылды.

Қарастырылып отырған негізгі тәуекелдердің қатаңдығы мен шынайылық деңгейлері		
Тәуекелдер	Шынайылығы	Қатаңдығы
Геосаяси шиеленіс пен санкциялық соғыстың өршу қаупі		
Қатаң баға және қаржылық жағдайларды сақтау тәуекелі		
Мұнай өндіру мен экспорттың төмендеу қаупі		
Шикізат тауарларына баға тәуекелдері		
Астық өнімділігінің төмендеу қаупі		
Жылжымайтын мүлік нарығының бұғатталу қаупі		

Жоғары Орта Төмен

ҚСТ 2023 СЦЕНАРИЙІ

□ СЦЕНАРИЙДІҢ АЛҒЫШАРТЫ

ҚСТ базалық сценарийі ҰЭМ, ҚРҰБ, ХВҚ, ДБ, АДБ, ЕАДБ-ның соңғы өзекті болжамдарын қолдана отырып, 4 негізгі өлшем бойынша (Brent мұнайының бағасы, нақты ІЖӨ өсімі, инфляция, USD/KZT бағамы) консенсус-болжам болып табылады. Негізгі өлшемдер экономикалық жағдайға және болжамдарға айтарлықтай әсер ететін басты және шешуші көрсеткіштер болып табылады. Сценарийдің басқа өлшемдері негізгі өлшемдердің серпіні негізінде модельденген.

Сандық көріністегі **стресстік сценарийдің** алғышарттары макроэкономикалық және қаржылық тұрақтылық үшін негізгі тәуекелдерді және нақты ІЖӨ траекториясын ескере отырып жасалған. Стресстік сценарийде төменде аталып өтетін жағдайлардың әсерінен туындайтын, әлемдік экономикадағы терең және ұзаққа созылған рецессия болжанады:

- дамыған елдерде жоғары инфляция мен пайыздық мөлшерлемелердің орнықты сақталуы;


- дамыған елдердегі банк дағдарысы және оның экономиканың нақты секторына негативті әсері;
- Ресейге қарсы санкцияларды одан әрі қатаңдату және үшінші елдерге қатысты қайталама санкцияларды енгізу аясында экономикалық байланыстарды фрагменттеу;
- Еуропа елдеріндегі энергетикалық дағдарыс.

Аталған тәуекелдердің іске асуы экономикалық жағдайды нашарлатады, жеткізілім тізбегінде іркіліс тудырады, іскерлік белсенділікті төмендетеді, нарықтардағы құбылмалылықты арттырады және инфляцияның өсуіне ықпал етуі мүмкін.

Бұған қатысты шаралар ретінде орталық банктер монетарлық саясатты күшейтеді және бұл экономикалық белсенділіктің төмендеуін одан бетер күшейтуі мүмкін деп болжанған болатын.

Нәтижесінде стресстік сценарийде 2023 жылдың соңы мен 2024 жылдың басында жаһандық рецессия болжанған болатын.

Нақты ІЖӨ мен орташа жылдық инфляцияның өсу серпіні, %-бен



ҚСТ 2023 СЦЕНАРИЙ

□ БАЗАЛЫҚ СЦЕНАРИЙ


Базалық сценарий бойынша ел экономикасының өсуі 2022 жылғы **3,3%-дан** 2023-2025 жылдары **4,1-4,3%-ға** дейін жеделдейді. 2023-2025 жылдары ІЖӨ-нің орташа жылдық өсімі **4,2%-ды** құрайды. ІЖӨ-нің өсуіне негізгі үлесті тау-кен өнеркәсібі, құрылыс, сауда және көлік саласы қосатын болады. Инфляция жоғары деңгейлерде, алайда 2023 жылғы 2-тоқсаннан бастап өсу қарқыны төмендеуде, бұл 2022 жылдың жоғары базасының әсеріне, азық-түлік бағасының төмендеуіне, теңге бағамының нығаюына байланысты.

□ СТРЕССТІК СЦЕНАРИЙ


Стресстік сценарийде Қазақстан экономикасының жылдан жылға өсуінің деңгейі **-2,4%-дан 3,7%-ға** дейінгі аралықта болады. 2023 жылғы 1-тоқсанның экономикалық өсу деңгейі 2025 жылдың соңына дейін қайта қалпына келмейді. ІЖӨ-нің қысқаруына негізгі үлес тау-кен өнеркәсібіндегі, құрылыстағы, ауыл шаруашылығындағы және қызмет көрсету саласындағы өндірістің құлдырауы болып табылады, бұл сыртқы сұраныстың қысқаруы және сауда серіктестері елдеріне қатысты қайталама санкциялар салу аясында

орын алады. Сондай-ақ, ҚСТ сценарийлері аясында жоғары өтімді активтер құнының күрт өзгеруіне және ТҚҚ-мен жасалатын мәмілелерге байланысты нарықтық тәуекелді бағалау үшін осындай активтердің нарықтық құнына мезеттік күйзелістер қарастырылған.


Инфляцияның орташа тоқсандық серпіні
%-бен



Жылдық ІЖӨ нақты өсімінің тоқсандық серпіні,
%-бен



Референстік пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі, %-бен



КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

2023

КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ


❑ БАСТАПҚЫ ЖАҒДАЙҒА ШОЛУ

01.01.2023ж. жағдай бойынша қатысушы банктердің несиесі портфельдерінің үлесі олардың активтерінің **55%-ын** құрайды, жалпы баланстық құны **20,9 трлн. теңге** және жалпы сомасы **2 трлн. теңге**.

ҚСТ бастапқы жағдайы ретінде AQR нәтижелері, оның ішінде кезеңдер бойынша EAD көлемі және PD, LGD, TR қажетті тәуекел көрсеткіштері пайдаланылады.


ҚСТ бағалау аясы AQR аясына енбеген портфельдермен кеңейтіледі. Сонымен қатар, жеке қарыздар портфелі* тәуекел-метрикалардың макроөлшемдерге тәуелділігін модельдеу үшін бөлек сегменттеледі, осыған байланысты корпоративтік қарыздардың (CORCOR) үлесі небәрі **7,3%-ды** құрайды.

EAD-дегі кредит портфельдерінің үлесі




EAD-тің жоғары үлесі сәйкесінше **36,9%** және **33%** үлестері бар жеке қарыздар мен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық қарыздар портфелінде байқалады. Өзге портфельдер қатысушы банктердің кредиттік портфелі құрылымындағы үлестің **8%-ынан** аспайды.

Кредиттік құнсыздану кезеңдері бойынша кредиттік портфельдердің EAD



Жеке, корпоративтік және ШОБ қарыздарының портфельдеріндегі 3-кезеңнің үлесі **12%-дан** асады, ал кепілсіз тұтынушылық қарыздар мен автокредиттер портфельдерінде EAD портфельдерінің **9,7%-ын** құрайды. Бұл сегменттердің кредиттік тәуекелге бейімділігі жоғары, ол сондай-ақ тәуекел-метрикаларда және тиісінше күтілетін кредиттік шығындарды өтеу үшін қажетті провизиялар көлемінде көрініс табады.

Кредит портфельдерін провизиялармен қамту деңгейі (CR)



01.01.2023ж. жағдай бойынша кредиттік тәуекел көрсеткіштері

PD			LGD			EAD (трлн. теңге)			ECL (трлн. теңге)		
4,4%	32,3%	100%	44,7%	40,3%	59,7%	17,4	0,79	2,72	0,32	0,10	1,62
1-кезең			2-кезең			3-кезең					

* ҚСТ-да сегменттеудің көрсетілген ерекшеліктерін ескере отырып, осы есептегі бастапқы жағдайға көрсеткіштер Агенттіктің сайтында жарияланған AQR 2023 есебінде көрсетілген нәтижелерден сәл өзгеше болуы мүмкін.

КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ


ҚСТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Берешек (EAD)

12 тоқсанның қорытындысы бойынша ҚСТ-тың Стресстік сценарийде:

- 1-кезеңнің EAD сомасы 2 және 3 кезеңдердің үлесінің ұлғайту есебінен **4,95 трлн.** теңгеге төмендеп **12,5 трлн.** теңгені құрады;
- 3-кезеңнің EAD сомасы **2,72-ден 7,25 трлн** теңгеге дейін немесе **4,53,трлн** теңгеге ұлғайды.


Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша EAD



Провизиялар (Prov.)

12 тоқсанның қорытындысы бойынша ҚСТ-тың Стресстік сценарийде провизия-лар сомасы **2,06 трлн.** теңгеден **4,06 трлн.** теңгеге дейін ұлғайды. Бұл ретте, 3-кезең резервтерінің сомасы 1 және 2-кезеңдерден 3-кезеңге қарыздардың өту ықтималдылығының ұлғаюы есебінен **1,63 трлн.** теңгеден **3,51 трлн.** теңгеге дейін ұлғайды.

Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша провизиялардың өзгеруі трлн теңгемен



Провизиялау деңгейі (CR)

Үшінші кезеңдегі EAD өсу қарқынының тәуекел-метрикалары деңгейінің ұлғаюынан асып түсуінің есебінен 12 тоқсанның қорытындысы бойынша провизиялау коэффициенті Стресстік сценарийлер жағдайында **59,7%-дан 48,3%-ға** дейін төмендеді. Бұл 3-кезеңге өткен барлық берешек сомалары провизиялардың белгіленген деңгейімен ҚСТ шегінің соңына дейін осы кезеңде қалатындылығында негізделген.

Бұл ретте екінші кезеңдегі қарыздарды провизиялау коэффициенті провизиялардың жылдам өсуі және екінші кезеңдегі қарыздардың баяу қысқаруы есебінен Стресстік сценарийде 13%-дан 21,3%-ға дейін ұлғаяды.

Провизиялармен өтеу коэффициенті (CR = Prov./EAD)



Жылдық дефолт ықтималдығы (PD 12m)


01.01.2023 жылғы жағдай бойынша PD12m көрсеткішінің бастапқы мәні барлық портфельдер бойынша **4,4%-ды** құрады. Бұл тәуекел-метриканың ең жоғары өсуі 2024 жылдың 2-тоқсанында **8,04%** мөлшерінде байқалады, бұл экономикалық құлдырау кезеңіне сәйкес келеді (нақты ІЖӨ = -2,4%). ІЖӨ өсуінің қалпына келуі кезінде PD12m шектің соңына қарай **6,56%-ға** дейін төмендейді.

КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

3-кезеңге өтудің тоқсандық ықтималдылығы (TR_sx_s3)

Бастапқы жағдайда 1 және 2-кезең қарыздарының 3-кезеңге өтудің тоқсандық ықтималдылығы 1,4%-ды құрады. TR_sx_s3 тәуекел метрикасының ең жоғары мәні, PD12m метрикасынан екітоқсандық лагпен, 2024 жылғы 4-тоқсанында 3,3%-ды құрады.

PD 12M және TR_sx_s3 серпіні



LGD (дефолт болған жағдайдағы шығын)


Бастапқы жағдайда барлық портфельдер аясында орташаөлшенген LGD көрсеткіші 11 банк бойынша 48,2%-ға тең болды.

12 тоқсанның ҚСТ шегінде 1 және 3-кезеңдегі қарыздардың LGD көрсеткіші ортаесеппен 44,7%-дан және 59,7%-дан сәйкесінше 49,2%-ға және 62,2%-ға дейін өсті.

2-кезеңді LGD 34,7% және 40,3% аралығында өзгерді.

Бұл байқау екінші кезеңдегі EAD және провизиялардың 1 және 3-кезеңге өтудің үлкен көлеміне байланысты тарихи жоғары құбылмалылықты көрсететіндігі себеп болып табылады.

LGD серпіні кезеңдер бойынша



Кредиттік тәуекелді бағалау модельдерінде банктер қолданатын негізгі макрокөрсеткіштер

Тәуелсіз айнымалылар ретінде банктер көбінесе мынадай макроэкономикалық айнымалыларды пайдаланды: АҚШ долларының теңгеге айырбас бағамы, халықтың нақты орташа айлық ақшалай кірістері және шығыстары, бастапқы нарықтағы тұрғын үй бағасының индексі, жеке тұлғаларға қамтамасыз етілмеген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме, Brent маркалы мұнай бағасы және ІЖӨ-нің нақты өсуі.

Қатысушы банктердің үлгілерінде макроөлшемдерді пайдалану статистикасы



КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ


INDLOANS

Берешек (EAD)

INDLOANS портфелі ҚСТ-қа қатысушы 11 банк берген қарыздың 36,9%-ын құрайды.

ҚСТ нәтижелері бойынша 3-кезеңдегі қарыздардың үлесі 18,4%-дан 39,9%-ға дейін ұлғайды, ал 1-кезеңдегі қарыздардың үлесі ҚСТ 12 тоқсаны ішінде 78,2%-дан 56,2%-ға дейін азайып, 2-кезең қарыздарының үлесі 3,4%-дан 3,9%-ға дейін аз ғана өсті.

Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша EAD




Провизиялар (Prov.)

Стресстік сценарийде INDLOANS портфелі бойынша провизиялар сомасы 0,95 трлн. теңгеден 1,36 трлн. теңгеге дейін (+409,2 млрд. теңге) ұлғайды.

ҚСТ 12 тоқсан ішінде 3-кезеңдегі провизиялар 354,5 млрд теңгеге, 2-кезеңде 9,1 млрд теңгеге, ал 1-кезеңде 45,4 млрд теңгеге ұлғайды.


Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша провизиялардың өзгеруі трлн теңгемен



Провизиялау деңгейі (CR)

Провизиялау деңгейі 5,9 п.н. қоса отырып, 12,2%-дан 18,1%-ға дейін ұлғайды. 1-кезеңдегі қарыздарды провизиялау деңгейі 1,6%-дан 3,3%-ға, 2-кезеңдегі қарыздар 12%-дан 13,9%-ға дейін өсті. 1 және 2-кезеңдердің LGD тәуекел-метрикаларының өсуімен салыстырмалы түрде қарыздардың 3-кезеңге өту қарқыны артық болғандықтан, ҚСТ шегінің соңында 3-кезеңдегі провизиялармен өтеу деңгейі 57,6%-дан 39,3%-ға дейін азаяды.

Провизиялау коэффициенті (CR = Prov./EAD)




Жылдық дефолт (PD 12m) және 3-кезеңге өтудің тоқсандық (TR_sx_s3) ықтималдығы

ҚСТ стресстік сценарий шегінде жеке қарыздар үшін PD12m көрсеткішінің ең жоғары деңгейі 2024 жылдың 4-тоқсанына тиесілі және 10,48%-ды құрады. ҚСТ шегінің соңында бұл көрсеткіш 9,24%-ға тең.

Стресстік сценарийде 1 және 2-кезеңнен 3-кезеңге өтудің ең жоғары тоқсандық ықтималдығы 3,8%-ды құрап ҚСТ шегінің соңына 1,8%-ға дейін азайды.

PD12m серпіні және TR_sx_s3



КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ


RETCON

Берешек (EAD)

RETCON портфелі ҚСТ-қа қатысушы 11 банк берген қарыздардың 33,0%-ын құрайды.

ҚСТ нәтижелері бойынша 3-кезеңдегі қарыздардың үлесі 9,7%-дан 36,3%-ға дейін өсіп, ал 1-кезеңдегі қарыздардың үлесі ҚСТ 12 тоқсаны ішінде 86,6%-дан 59,5%-ға дейін азайды. 2-кезең қарыздарының үлесі 3,7%-дан 4,2%-ға дейін аз ғана өсті.

Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша EAD




Провизиялар (Prov.)

Стресстік сценарийде RETCON портфелі бойынша провизиялар сомасы 645,6 млрд. теңгеден 1,62 трлн. теңгеге дейін (+975,0 млрд. теңге) ұлғайды.

3-кезең провизиялары 953,5 млрд теңгеге, 2-кезеңде 41,3 млрд теңгеге ұлғайып, ал 1-кезең қарыздарының басым бөлігінің 3-кезеңге өтуі есебінен ҚСТ 12 тоқсан ішінде 19,7 млрд. теңгеге төмендеуі байқалады.


Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша провизиялардың өзгеруі трлн теңгеммен



Провизиялау деңгейі (CR)

Провизиялау деңгейі 9,3%-дан 23,6%-ға дейін немесе 14,3 п.н. ұлғайды. 1 және 2-ші кезеңдегі қарыздарды провизиялау деңгейі 2,7%-дан 3,5%-ға және 17,6%-дан 29,9%-ға дейін сәйкесінше ұлғайды. 1 және 2-кезеңдердің LGD тәуекел-метрикаларының өсуімен салыстырғанда қарыздардың 3-кезеңге өту қарқыны артық болғандықтан, ҚСТ шегінің соңында 3-кезеңдегі провизиялармен өтеу деңгейі 65,6%-дан 55,9%-ға дейін азаяды.


Провизиялау коэффициенті (CR = Prov./EAD)



Жылдық дефолт (PD 12m) және 3-кезеңге өтудің тоқсандық (TR_sx_s3) ықтималдығы

ҚСТ Стресстік сценарий шегінде RETCON үшін PD12m ең жоғары деңгейі 7,8%-ды құрады және 2024 жылғы 2-тоқсанына тиесілі. ҚСТ шегінің соңында бұл көрсеткіш 6,4%-ға тең. Стресстік сценарийде 1 және 2-кезеңдердің 3-кезеңге өтуінің ең жоғары тоқсандық ықтималдығы 3,6%-ды құрады және ҚСТ шегінің соңында 2,8%-ды құрады.

PD12m серпіні және TR_sx_s3



КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ


RETEST

Берешек (EAD)

RETEST портфелі ҚСТ-қа қатысушы 11 банк берген қарыздардың 7,8%-ын құрайды.

ҚСТ нәтижелері бойынша 3-кезеңдегі қарыздардың үлесі 6,2%-дан 10,6%-ға дейін ұлғайды, ал 1-кезеңдегі қарыздардың үлесі ҚСТ 12 тоқсаны ішінде 92,1%-дан 85,6%-ға дейін азайды. 2-кезең қарыздарының үлесі 1,7%-дан 3,8%-ға дейін шамалы өсті.

Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша EAD




Провизиялар (Prov.)

Стресстік сценарийде RETEST портфелі бойынша провизиялар сомасы 65,8 млрд. теңгеден 130,58 млрд. теңгеге дейін ұлғайды (+64,7 млрд. теңге).

3-кезең провизиялары 53,8 млрд. теңгеге, 2-кезеңде 7,16 млрд. теңгеге ұлғайды, ал 1-кезең ҚСТ 12 тоқсан ішінде 3,75 млрд теңгеге ұлғайды.


Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша провизиялардың өзгерісі трлн теңгемен



Провизиялау деңгейі (CR)

Провизиялау деңгейі 4,0%-дан 8,0%-ға дейін немесе 4,0 п.н. ұлғайды. 1-кезеңдегі қарыздарды провизиялау деңгейі 0,4%-дан 0,7%-ға, 2-кезең қарыздары 8,0%-дан 15,2%-ға, ал 3-кезең қарыздары 56,7%-дан 64,2%-ға дейін ұлғайды.


Провизиялау коэффициенті (CR = Prov./EAD)



Жылдық дефолт (PD 12m) және 3-кезеңге өтудің тоқсандық (TR_sx_s3) ықтималдығы

ҚСТ Стресстік сценарий шегінде RETEST үшін PD12m ең жоғары деңгейі 1,04%-ды құрады және 2024 жылдың 2-тоқсанына тиесілі. ҚСТ шегінің соңында бұл көрсеткіш 0,93%-ға тең. Стресстік сценарийде 1 және 2-кезеңдердің 3-кезеңге өтуінің ең жоғары тоқсандық ықтималдығы ҚСТ шегінің соңына 0,5%-ды құрады.

PD 12M серпіні және TR_sx_s3



КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ


RET CAR

Берешек (EAD)

RET CAR портфелі ҚСТ-қа қатысушы 11 банк берген қарыздың **7,8%-ын құрайды**.

ҚСТ нәтижелері бойынша 3-кезеңдегі қарыздардың үлесі **9,7%-дан 26,7%-ға** дейін ұлғайды, ал 1-кезеңдегі қарыздардың үлесі ҚСТ 12 тоқсаны ішінде **86,5%-дан 69,6%-ға** және 2-кезең қарыздарының үлесі **3,8%-дан 3,6%-ға** дейін азайды.

Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша EAD




Провизиялар (Prov.)

Стресстік сценарийде RET CAR портфелі бойынша провизиялар сомасы **135,4 млрд.теңгеден 296,3 млрд. теңгеге** дейін (+**160,9 млрд. теңге**) ұлғайды.

ҚСТ 12-тоқсан ішінде қарыздардың 1-кезеңнен 3-кезеңге көп өтуі себебінен 3-кезеңдегі провизиялар **146,4 млрд. теңгеге**, 2-кезеңде **10,6 млрд. теңгеге**, 1 кезеңде **3,8 млрд. теңгеге** ұлғайды.


Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша провизиялардың өзгеруі трлн теңгеммен



Провизиялау деңгейі (CR)

Провизиялау деңгейі **8,3%-дан 18,2%-ға** дейін немесе **9,9 п.н.** ұлғайды. 1-кезеңдегі қарыздарды провизиялармен өтеу деңгейі **1,6%-дан 2,3%-ға**, 2-кезеңдегі қарыздар **9,5%-дан 28,0%-ға** дейін ұлғайды. 1 және 2 кезеңдердің LGD тәуекел-метрикаларының өсуімен салыстырғанда 3-кезеңге қарыздардың өту қарқыны артық болғандықтан ҚСТ шегінің соңында 3-кезеңдегі провизиялау деңгейі **68,5%-дан 58,5%-ға** дейін азаяды.


Провизиялау коэффициенті (CR = Provision/EAD)



Жылдық дефолт (PD 12m) және 3-кезеңге өтудің тоқсандық (TR_sx_s3) ықтималдығы

ҚСТ Стресстік сценарий шегінде RET CAR үшін PD12m ең жоғары деңгей **4,94%-ды** құрады және 2024 жылдың 2-тоқсанына тиесілі. ҚСТ шегінің соңында бұл көрсеткіш **4,4%-ға** тең. Стресстік сценарийде 1 және 2-кезеңдердің 3-кезеңге өтуінің ең жоғары тоқсандық ықтималдығы **2,3%-ды** және ҚСТ шегінің соңында **1,5%-ға** құрады.

PD 12M және TR_sx_s3 серпіні



КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ


RETSML

Берешек (EAD)

RETSML портфелі ҚСТ-қа қатысушы 11 банк берген қарыздың **6,4%-ын құрайды**.

ҚСТ нәтижелері бойынша 3-кезеңдегі қарыздардың үлесі **13,8%-дан 43,0%-ға** дейін ұлғайды, ал 1-кезеңдегі қарыздардың үлесі ҚСТ 12 тоқсан ішінде **79,8%-дан 51,4%-ға** дейін, ал 2-кезеңдегі қарыздардың үлесі **6,4%-дан 5,6%-ға** дейін кеміді.

Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша EAD




Провизиялар (Prov.)

Стресстік сценарийде RETSML портфелі бойынша провизиялар сомасы **134,9 млрд. теңгеден 327,8 млрд. теңгеге** дейін (+**192,9 млрд. теңге**) ұлғайды.

ҚСТ 12-тоқсан ішінде қарыздардың 1 кезеңнен 3-кезеңге көп өтуі себебінен 3-кезеңдегі провизиялар **175,6 млрд теңгеге**, 2-кезеңде **6,6 млрд. теңгеге**, 1-кезеңде **10,73 млрд. теңгеге** ұлғайды.


Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша провизиялардың өзгеруі трлн теңгеммен



Провизиялау деңгейі (CR)

Провизиялау деңгейі **10,1%-дан 24,9%-ға** дейін, немесе **14,8 п.н.** ұлғайды. 1-кезеңдегі қарыздарды провизиямен өтеу деңгейі **1,9%-дан 4,5%-ға** дейін, 2-кезеңдегі қарыздар **11,0%-дан 21,8%-ға** дейін ұлғайды. 1 және 2-кезеңдегі LGD тәуекел-метрикасының өсуімен салыстырғанда қарыздардың 3-кезеңге өту қарқыны артық болғандықтан 3-кезеңдегі провизиялау деңгейі ҚСТ шегінің соңында **57,2%-дан 49,7%-ға** дейін азаяды.


Провизиялау коэффициенті (CR = Provision/EAD)



Жылдық дефолт (PD 12m) және 3-кезеңге өтудің тоқсандық (TR_sx_s3) ықтималдығы

ҚСТ Стресстік сценарий шегінде RETSML үшін PD12m ең жоғары деңгейі **11,46%-ды** құрады және 2024 жылдың 3-тоқсанына тиесілі. ҚСТ шегінің соңында бұл көрсеткіш **9,66%-ға** тең болады. Стресстік сценарийді 1 және 2-кезеңдердің 3-кезеңге өтуінің ең жоғары тоқсандық ықтималдығы **4,4%-ды** және ҚСТ шегінің соңына **3,1%-ды** құрады.

PD 12M и TR_sx_s3 серпіні



КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ


CORCOR

Берешек (EAD)

CORCOR портфелі ҚСТ-қа қатысушы 11 банк берген қарыздың **7,3%-ын құрайды**.

ҚСТ нәтижелері бойынша 3-кезеңдегі қарыздардың үлесі **12,0%-дан 40,4%-ға** дейін ұлғайды, ал 1-кезеңдегі қарыздардың үлесі ҚСТ 12-тоқсан ішінде **81,7%-дан 55,2%-ға** дейін, ал 2-кезең қарыздарының үлесі **6,3%-дан 4,5%-ға** дейін азайды.

Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша EAD




Провизиялар (Prov.)

Стресстік сценарийде CORCOR портфелі бойынша провизиялар сомасы **127,4 млрд. теңгеден 330,2 млрд. теңгеге** дейін (+**202,8 млрд. теңге**) ұлғайды.

ҚСТ 12-тоқсан ішінде қарыздардың 1-кезеңнен 3-кезеңге көп өтуі есебінен 3-кезеңнің провизиялары **193,7 млрд теңгеге**, 2-кезеңде **1,9 млрд теңгеге**, 1-кезеңде **7,04 млрд теңге** ұлғайды.


Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша провизиялардың өзгеруі трлн теңгемен



Провизиялау деңгейі (CR)

Провизиялау деңгейі **8,3%-дан 22,4%-ға** дейін немесе **14,1 п.н.** ұлғайды. 1-кезең қарыздарын провизиялармен өтеу деңгейі **2,0%-дан 3,9%-ға** дейін, 2-кезең қарыздары **9,1%-дан 16,4%-ға** дейін ұлғайды. 1 және 2-кезеңдегі LGD тәуекел-метрикасының өсуімен салыстырғанда қарыздардың 3-кезеңге өтуінің артық қарқыны болғандықтан ҚСТ шегінің соңында 3-кезеңдегі провизиялау деңгейі **51,2%-дан 48,4%-ға** дейін азаяды.


Провизиялау коэффициенті (CR = Provision/EAD)



Жылдық дефолт (PD 12m) және 3-кезеңге өтудің тоқсандық (TR_sx_s3) ықтималдығы

ҚСТ Стресстік сценарий шегінде CORCOR үшін PD12m ең жоғары деңгей **9,16%-ды** құрады және 2024 жылының 3-тоқсанына тиесілі. ҚСТ шегінің соңында бұл көрсеткіш **8,26%-ға** тең. Стресстік сценарийде 1 және 2 кезеңдердің 3-кезеңге өтуінің ең жоғары тоқсандық ықтималдығы **4,3%-ды** және ҚСТ шегі соңында **2,5%-ды** құрайды.

PD 12m и TR_sx_s3 серпіні



КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ


FINFIN

Берешек (EAD)

FINFIN портфелі ҚСТ-қа қатысшуы 11 банк берген қарыздың **0,9%-ын** құрайды.

ҚСТ нәтижелері бойынша 3-кезеңдегі қарыздардың үлесі **0%-дан 2,1%-ға** дейін ұлғайды, ал 1-кезеңдегі қарыздардың үлесі ҚСТ 12-тоқсаны ішінде **100%-дан 96,9%-ға** дейін кемісе, 2-кезеңдегі қарыздардың үлесі **0%-дан 1%-ға** дейін аз ғана артты.

Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша EAD




Провизиялар (Prov.)

Стресстік сценарийде FINFIN портфелі бойынша провизиялар сомасы **607,5 млн.** теңгеден **2,64 млрд.** теңгеге дейін (+**2,03 млрд.** теңге) ұлғайды.

ҚСТ 12 тоқсан ішінде 1-кезеңнен 3-кезеңге қарыздардың көп өтуі себебінен 3-кезең провизиялары **1,6 млрд.** теңгеге, 2-кезеңдегі **209,3 млн.** теңгеге, 1-кезеңдегі **215 млн.** теңгеге ұлғайды.


Стресстік сценарийде кезеңдер бойынша провизиялардың өзгеруі трлн теңгемен



Провизиялау деңгейі (CR)

Провизиялау деңгейі **0,3%-дан 1,5%-ға** дейін, **1,2 п.н.** ұлғайды 1-кезеңдегі қарыздарды провизиялармен өтеу деңгейі **0,3%-дан 0,5%-ға** дейін, 2-кезеңдегі қарыздар **0%-дан 11,6%-ға** дейін, ал 3-кезең қарыздары ҚСТ шегі соңында **0%-дан 43,8%-ға** дейін ұлғайды.


Провизиялау коэффициенті (CR = Provision/EAD)



Жылдық дефолт (PD 12m) және 3-кезеңге өтудің тоқсандық (TR_sx_s3) ықтималдығы

ҚСТ Стресстік сценарий шегінде FINFIN үшін PD12m ең жоғары деңгейі **2,88%-ды** құрады және 2024 жылының 3-тоқсанына тиесілі. ҚСТ шегінің соңында бұл көрсеткіш **1,23%-ға** тең болады. Стресстік сценарийде 1 және 2-кезеңдердің 3-кезеңге өтуінің ең жоғары тоқсандық ықтималдығы **0,7%-ды** және ҚСТ шегінің соңында **0,1%-ды** құрады.

PD 12M и TR_sx_s3 серпіні



НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

2023

НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

■ БАСТАПҚЫ ЖАҒДАЙҒА ШОЛУ

ҚСТ бастапқы жағдайына нарықтық тәуекелге бейім активтердің жалпы баланстық құны **7,63 трлн.** теңгені немесе аталған банктер активтері жалпы сомасының **17%-ын** құрады.

Активтің түрі	Сомасы, млрд теңге
Облигациялар	6 364,9
Жылжымайтын мүлік	577,5
Саудаланбайтын ұйымдарға инвестициялар	480,4
Акциялар	57,4
Саудаланатын ұйымдарға инвестициялар	21,2
Өзге	128,1
Жиынтығы	7 629,5

ҚСТ бағалау аясында проблемалық активтерді басқарумен айналысатын банктердің мамандандырылған еншілес ұйымдары болып табылатын САБҰ активтері бойынша шығындар да ескеріледі.


Банктердің балансында нарықтық тәуекелге ұшыраған активтердің жалпы көлемі бастапқы жағдайда **7,39 трлн.** теңгені, САБҰ балансында - **244,6 млрд.** теңгені құрады.

Нарықтық тәуекелге ұшыраған активтердің негізгі үлесі облигацияларға - **83,4%**, жылжымайтын мүлікке – **7,6%** және сауда жасамайтын еншілес және қауымдастырылған компанияларға инвестицияларға - **6,3%** тиесілі.

Нарықтық тәуекелге ұшыраған САБҰ активтері негізінен бұрын берілген қарыздар бойынша кепіл ретінде ұсынылған жылжымайтын мүліктерден тұрады

ҚСТ Әдіснамалық нұсқауына сәйкес

Банктер мен САБҰ балансындағы активтер, млрд. теңге



нарықтық тәуекелге ұшыраған активтерге мезеттік және тоқсандық күйзелістерге ұшырайды. **Мезеттік күйзеліске** ұшыраған активтердің жалпы баланстық құны **6,5 трлн.** теңгені, **тоқсандық күйзеліс** бойынша – **1,1 трлн** теңгені құрады.

■ КҮЙЗЕЛІСТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР

Мезеттік күйзеліске ұшыраған активтердің негізгі үлесі облигацияларға тиесілі, олардың бір бөлігі шетел валюталарында берілген: АҚШ доллары, еуро және Ресей рублі.


Мезеттік күйзелісті қолданған кезде валюталық тәуекел әсеріне дейінгі активтердің баланстық құны **6,5 трлн.** теңгеден **6,1 трлн.** теңгеге дейін төмендейді. Мемлекеттік бағалы қағаздардың, TONIA және стресстік сценарийде көзделген өзгеде мөлшерлемелердің кірістілігі түріндегі референстік мөлшерлемелердің ұлғаюы негізгі фактор болып табылады.

Нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне қосымша ұлттық валютаның құнсыздануы әсер етеді, бұл теңгемен баламадағы активтердің баланстық құнының ұлғаюына әкеп соғады.

НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ


Соған байланысты ҚСТ шегінің соңына қарай активтердің баланстық құнының бұдан әрі ұлғаюы байқалады.

Стресстік сценарийде мезеттік күйзеліске ұшыраған активтер, млрд теңге



Тоқсандық күйзеліске ұшыраған активтер серпінінің төмендеуі байқалады. Стесстік сценарийде жылжымайтын мүліктің, сондай-ақ акциялар мен инвестициялардың құнын саудаланбайтын компанияларға қатысты төмендетуден болған жалпы әсер **122 млрд.** теңгені құрады.

Стресстік сценарийде тоқсандық күйзеліске ұшыраған активтер, млрд теңге



АКТИВТЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕР: ОБЛИГАЦИЯЛАР

ҚСТ бастапқы жағдайына облигациялардың баланстық құны **6,36 трлн.** теңгені құрады. Валюталар бойынша ұлттық валютада шығарылған облигациялар - **70,4%** және АҚШ долларында - **26,4%** басым келеді.


Валюталар бойынша олигациялар, млрд теңге



Стресстік сценарийде мезеттік күйзелісті қолдану нәтижесінде және валюталық тәуекелді есепке алғанға дейін облигациялардың баланстық құны **6,37 трлн** теңгеден **6 трлн** теңгеге дейін кеміді.

Валюталық қайта бағалау кезінде ҚСТ шегінің соңына қарай баланстық құнның **6,43 трлн** теңгеге дейін ұлғаюы байқалды.

Стрестегі облигациялар, млрд теңге



Стресстік сценраийде баланстық құнның барынша өзгерістері тұрақты мөлшерлемеге ие купондық облигацияларда байқалады. Банктер портфелінде құбылмалы мөлшерлемемен облигациялардың құны аса көп емес.

Тұрақты мөлшерлемеге ие облигациялардың баланстық құны, млрд теңге

Валюта	Күйзеліске дейін	Күйзелістен кейін
Р	14,2	13,8
€	190,5	189,2
\$	1 680,4	1 631,4
₸	4 346,4	4 029,8

ҚСТ-да облигациялар құнының өзгеруін бағалау кезінде негізгі факторлардың бірі – ол дюрация.

НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Дюрация – пайыздық мөлшерлеме мен облигация бағасының арасындағы қатынасты анықтайды.

Ұлттық валютада ұсынылған ұзақ мерзімді облигациялар қысқа мерзімді облигациялармен салыстырғанда пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістеріне аса сезімтал.


АҚШ долларымен ұсынылған облигациялар стресстік сценарийде референстік мөлшерлемелердің шамалы өсуіне байланысты орташа сезімталдыққа ие.

АКТИВТЕРДІҢ БОЙЫНША ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ТҮРЛЕРІ НӘТИЖЕЛЕР: ЖӘНЕ

Облигацияларды қоспағанда нарықтық тәуекелге ұшыраған активтердің өзге де түрлері **тоқсандық күйзелісті** қолдану арқылы бағаланды.

Саудаланбайтын компаниялар акциялары мен оған инвестициялар түріндегі активтердің жалпы сомасы **480 млрд.** теңгені құрады, оның **91%-ы** немесе **437,1 млрд теңгесі** еншілес ұйымдарға инвестициялар, 9%-ы қауымдастырылған компанияларға инвестициялар болып табылады.

Сауда жасамайтын компанияларға акциялар мен инвестициялардың баланстық құны, млрд теңге



ҚСТ нәтижесі бойынша саудаланбайтын ұйымдарға облигациялардың баланстық құны болжамды

стресстік сценарийдің нәтижесінде ҚСТ шегі соңына қарай **480 млрд** теңгеден **387 млрд** теңгеге дейін біршама азайды.

Индустриялық құрылымның шеңберінде банктердің негізгі инвестициялары қаржы секторы мен сақтандыру секторында шоғырланған (еншілес ұйымдарға инвестициялардан 87%).


Сауда жасамайтын ұйымдарға инвестициялардың құрылымы, млрд теңге



Банктер мен САБҰ балансындағы жылжымайтын мүліктің баланстық құны бастапқы жағдайда **577,5 млрд** теңгені құрады. Банктердің негізгі қаражаты банктердің балансында, ал инвестициялық жылжымайтын мүлік пен иеліктен шығарылған кепілдер – САБҰ балансында көрсетілген.

ҚСТ шегінде банктер мен САБҰ жылжымайтын мүліктің баланстық құны ең нашар тоқсанда **545 млрд** теңгеге дейін азайып, **563 млрд** теңгеге дейін стресстік сценарий алғышарттарына сәйкес өсті

Жылжымайтын мүліктің баланстық құнының серпіні, млрд теңге



**ТПК және
ТПЕК**

2023

ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС


❑ БАСТАПҚЫ ЖАҒДАЙҒА ШОЛУ

Активтер

ҚСТ-да пайыздық кіріс әкелетін активтердің екі деңгейлі сегментациясы қарастырылған.

Нәтижелерді біріктірген кезде соңғы талдау үшін активтердің мынадай жоғары дейгейлі сегментациясы қолданылады: өтімді активтер (шоттар, ҚРҰБ мен банктердегі салымдар, кредиттік мекемелерге қарыздар, бағалы қағаздар портфелі), жеке және заңды тұлғалар бойынша несие портфелі, сондай-ақ аталған сегменттерге кірмейтін өзге де активтер. Мемлекеттік бағдарламалардың шеңберінде берілген қарыздар портфелі бөлек сегментте қарастырылады.

Валюталар мен сегменттер бойынша активтердің көлемі, %-бен




Пайыздық кіріс әкелетін активтердің көлемі 11 банк бойынша ҚСТ сегментациясына сәйкес **31,9 трлн.** теңгені құрады, ұлттық валютада активтер үлесі **72,5%**, АҚШ долларында **23,5%**, өзге валюталарда **4,4%** құрады.

Пайыздық кіріс әкелетін активтер құрылымындағы ең жоғары көлемді **14 трлн.** теңге мөлшерінде өтімді активтер, несие портфелі, оның ішінде мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде берілген қарыздар – **17,8 трлн.** теңге және өзге активтер – **62,8 млрд.** теңгені құрады.

ҚСТ-да пайыздық кіріс есептеу құнсыздану кезеңдеріне қарай халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес жүргізіледі. ҚСТ бастапқы жағдайына сәйкес 1 және 2-кезеңдегі активтердің үлесі **96,9 %-ды**, 3 кезеңдегі – **3,1%-ды** құрады.


Валюталар бойынша 1 және 2-сатыдағы активтер, млрд теңге



40,6%-ға шетел валютасында орналастырылған өтімді активтерді қоспағанда, пайыздық кіріс әкелетін активтердің құрылымы 1 және 2-сатыда негізінен ұлттық валютада ұсынылған.

3-сатыда теңгелей активтердің үлесі **85%-ды**, АҚШ долларында - **13%**, өзге валюталарда - **2%-ды** құрады.

Валюталар бойынша 3-сатыдағы активтер, млрд теңге




ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

Міндеттемелер


Пайыздық кірістерді қорытынды талдау үшін нәтижелерді біріктіру кезінде міндеттемелердің мынадай жоғары деңгейлі сегментациясы қолданылады: жеке және заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары мен депозиттері бойынша міндеттемелер, шығарылған облигациялар және кредиттік мекемелерден, оның ішінде Үкімет пен ҚРҰБ-дан алынған қаражат, сондай-ақ өзге де міндеттемелер.

Валюталар бойынша міндеттемелердің %-бен және сегменттердің трлн теңгемен көлемі



11 қатысушы банк бойынша пайыздық шығыстардың туындауын көздейтін міндеттемелер көлемі ҚСТ сегментациясына сәйкес және бастапқы жағдай бойынша **28,8 трлн.** теңгені құрады және **68%-ға** ұлттық валютадағы, **29%-ға** АҚШ долларындағы және **3%-ға** басқа валюталардағы міндеттемелермен ұсынылған.

Валюталар бойынша міндеттемелер құрылымы млрд теңгемен



ҚСТ сегментациясына сәйкес 11 қатысушы банкті негізгі қорландыру көздері жеке және заңды тұлғалардың **13,1 трлн.** теңгені құрайтын ағымдағы шоттары және сәйкесінше **10,5 трлн.** теңгені құрайтын депозиттері болып табылады.

ТПК НӘТИЖЕЛЕРІ

Тиімді пайыздық мөлшерлеме


Осы бөлімдегі талдауды оптимизациялау үшін, өзге мерзімдер бойынша нәтижелердің серпіні 3 айға дейінгі өтеу мерзімдік активтер мен міндеттемелер бойынша ұсынылған серпінімен бірдей болғандықтан көрсетілмеген.

Активтер мен міндеттемелер бойынша ТПМ-нің ең жоғарғы өсімі стресстік сценарийдегі референстік мөлшерлемелердің өсуіне сәйкес 2024 жылғы 1-тоқсанына орайласады.

Пайыздық кіріс алып келетін активтер бойынша, ең нашар тоқсанда ТПМ мынадай сипатта ұсынылады: жеке тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша **12,9%**, жеке тұлғаларға берілетін қарыздар бойынша **20,6%**, өтімді активтер бойынша – **18%**.

Кейінгі тоқсандарда экономиканың өсуін қалпына келтіру туралы алғышарттарға сәйкес ТПМ-ның қалыпты төмендеуі байқалады.

3 айға дейін өтеу мерзімімен активтердің ТПМ-нің болжамдық мәндері




ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

Ең нашар тоқсанындағы ТПМ-ның нәтижелері: жеке тұлғалардан алынған қаражат - **10,3%**, заңды тұлғалардан алынған қаражат - **13%-ды**, шығарылған бағалы қағаздар мен кредиттік мекемелердің құралдары бойынша - **14,6%-ды** құрады.


Кейінгі тоқсандарда экономиканың қалпына келуі туралы алғышарттарға сәйкес ТПМ деңгейінің төмендеуі байқалады.

3 айға дейін өтеу мерзімімен міндеттемелердің ТПМ-нің болжамдық мәндері



ҚСТ болжамдық шегінде қатысушы 11 банктің өтеу мерзімі 3 айға дейінгі активтер мен міндеттемелер бойынша пайыздық маржасы әрбір жылдың соңында, активтер мен міндеттемелердің түрлеріне байланысты **2%-7%** аралығында өзгеріп отырады. Ең үлкен маржа заңды тұлғаларға берілген қарыздардың портфелі бойынша және заңды тұлғалардан алынған қорландыру бойынша байқалады.

3 айға дейінгі мерзімділікпен активтер мен міндеттемелер бойынша жалпы маржа




ТПК

ҚСТ-ның бастапқы жағдайында 2022 жыл үшін 11 банктің таза пайыздық кірісі **1,7 трлн** теңгені құрады.

Әдіснамаға сәйкес, 2022 жылы болжамды мәндердің нақты мәндерден асуына орай **80%** мөлшерінде түзету коэффициентін қолдануды есепке ала отырып, банктердің стресстік сценарийдегі таза пайыздық кірісі әрбір болжамды жыл үшін **1,3 трлн** теңгені құрады.

ҚСТ сегментациясы бойынша активтер мен міндеттемелер түрлерінің ТПК құрылымы



Заңды тұлғаларға берілген және олардан алынған қаражат бойынша таза пайыздық кірістің теріс мәніне қарамастан, пайыздық кіріске алып келетін стресстік сценарийде міндеттемелер көлемінен, активтер көлемін асыратын референстік мөлшерлемелердің өсуі жағдайында, сондай-ақ айналымы жылдам өтімді активтер мен жеке тұлғаларға берілген қысқа мерзімді қарыздардың жоғары үлесі түріндегі құрылымы, тәуекелдің өзге түрлерінің әсерін ішінара жабу үшін 11 банктің болжамды таза пайыздық кірісінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ЕМЕС КІРІС

❑ БАСТАПҚЫ ЖАҒДАЙҒА ШОЛУ


Нәтижелерді біріктіру кезінде таза пайыздық емес кірістердің қорытынды талдауы үшін келесі жоғарғы деңгейлі сегментация қолданылады: таза комиссиялық кіріс, таза дивидендік кіріс, шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен таза кіріс, операциялық шығыстар, сондай-ақ басқа таза кірістер.

ҚСТ-ның бастапқы жағдайы бойынша 11 банктің таза пайыздық емес кірістері **370 млрд** теңгені құрады.


Банктердің таза пайыздық емес оң кірісі **592 млрд** теңге мөлшеріндегі таза комиссиялық кірістер және **443 млрд** теңге мөлшеріндегі шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен таза кірістер есебінен қалыптасты. Банктің операциялық шығындары 2022 жыл үшін **673 млрд** теңгені құрады.

❑ ТПЕК НӘТИЖЕЛЕРІ

Стресстік сценарийде ҚСТ шегінде банктердің таза пайыздық емес кірісі, таза комиссиялық кірістердің **222 млрд.** теңгеге едәуір төмендеуіне және операциялық шығыстардың ұлғаюына байланысты **314 млрд.** теңге мөлшеріндегі шығынға дейін төмендеді.



Таза комиссиялық пайданың едәуір құлдырауы соңғы үш жыл үшін орташа көрсеткіштердің 80%-ы мөлшерінде түзету коэффициентін қолдануды көздейтін жеңілдетілген тәсілді қолдануына байланысты болды.



Операциялық шығыстардың жоғары, 2022 жылы – **673 млрд.** теңге, деңгейіне қарамастан, осы көрсеткіштің 2020-2022 жылдар үшін орташа мәні **565,5 млрд.** теңгені құрады. Операциялық шығыстарды ҚСТ шегінде болжау кезінде банктер соңғы үш жылдағы орташа мәнмен салыстырғанда осы шығыс түрлерін **7-12%-ға** өсуі бойынша консервативтік болжамдар қабылдады.

Толықтыру ретінде ҚСТ Әдіснамалық нұсқауына сәйкес соңғы үш жыл ішінде шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен тарихи расталған кірістердің болмауымен байланысты банктердің көпшілігі бойынша кірістердің осы түрі болжамды шекте нөлге теңестірілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Агенттік банк секторын қадағалап стресс-тестілеу нәтижелері бойынша есепті алғаш рет жариялап отыр. Бұл құжат оның барлық пайдаланушыларына аса пайдалы болмақ, себебі онда негізгі тестілеу нәтижелері көрсетіліп қана қоймай, бүкіл процесті және қолданылатын әдіснаманы егжей-тегжейлі сипаттайды, ал бұл оны Қазақстанның банк секторының орнықтылығын түсіну үшін ерекше маңызды етеді.

Стресс-тестілеу процесі активтер сапасын жүйелі бағалаудан (AQR) кейін 2023 жылы басталды және деректерді жинауды, модельдерді калибрлеуді, сценарийлерді әзірлеуді және әдіснаманы бейімдеуді қамтыды.

2023 жыл барысында Агенттік банк мамандарын оқытуды жүзеге асырды және сұрақтар мен жауаптарға арналған арнаның жүйелі түрде жаңаруын қамтамасыз етіп отырды, бұл барлық қатысушылардың арасында стресс-тестілеу процесін терең түсінуге және салыстыруға кепілдік берді. Нәтижелерді төрт кезеңдік тексеру және келісу барысында Агенттік банктер ұсынған деректерді талдап, түзету үшін кері байланыс берді, бұл тәсілдің дәлдігі мен жүйелілігін қамтамасыз етті.

2023 жылғы банк секторын қадағалап стресс-тестілеу процесі осы жылдың ақпанында аяқталды. ҚСТ ҚРҰБ-мен бірлесіп әзірленген базалық және Стресстік сценарийлерге сәйкес жүргізілді. Стресстік сценарий әлемдік экономикалық толқулар мен негізгі салалардағы құлдыраудың аясында ІЖӨ-нің **-2,4%-ға** дейін төмендеуін қосқанда экономикалық жағдайдағы өзгерістерді болжады.

Саланың активтерінің **84%-ын** және кредиттік портфелінің **85%-ын** қамтитын 11 ірі банкті қамтыған стресс-тестілеудің шеңберінде негізгі капитал деңгейі (k1) 2024 жылғы II-тоқсанда **13,9%-ды** құрағаны расталды, бұл буферлерді қоспағанда ең төменгі талап етілетін деңгейден **5,5%-ға** айтарлықтай жоғары. Бұл банктердің жоғары капиталдығына және әлеуетті экономикалық күйзелістерге орнықтылығын растайды.

Кредиттік тәуекел капиталдың **5,2** пайыздық тармаққа төмендеуіне әкеле отырып, оған айтарлықтай әсер етті. Нарықтық тәуекел пайыздық мөлшерлемелер мен бағалардың өзгеруінің қаржы құралдарына әсерін қосқанда, капиталды қосымша **2,4** пайыздық тармаққа төмендетті. Осыған қарамастан, таза пайыздық және пайыздық емес кірістер банктердің кірістерін әртараптандыру маңыздылығын растай отырып, осы әсерлерді **6,6** пайыздық тармаққа өтеуге көмектесті.

2024 жылдан бастап қадағалап стресс-тестілеу нәтижелерін есепке алып отыратын жаңа капитал буферін енгізу аса маңызды аспект болып табылады. Бұл шара банктердің қолайсыз экономикалық өзгерістеріне орнықтылығын одан әрі арттыруға бағытталған және банк секторының қаржылық орнықтылығын нығайтуға ықпал етеді.

Осылайша, стресс-тестілеу банк секторындағы ағымдағы орнықтылықты көрсетіп қана қоймай, тестілерді өткізу әдіснамасында, сондай-ақ жекелеген банктер деңгейінде тәуекелдерді басқару тетіктерінде одан әрі жетілдіруді қажет ететін салаларды айқындай түсті. Ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның қаржы жүйесінің беріктігін қамтамасыз ету үшін жұмыстар жалғастырылатын болады.

Байланыс ақпараты:

Алматы қ., Көктем-3 шағын ауданы, 21

Тел: +7 (727) 37 11 11

Кеңсе факсы: +7 (727) 244 02 82

E-mail: info@finreg.kz

Сайт: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm>

**ҚСТ есепті кейін жариялау үшін есептің мазмұны жөніндегі
түсіндірмелер мен ұсыныстарды келесі мекенжайға жіберуді сұраймыз:**
Gulyma.Kaukayeva@finreg.kz

Агенттік қызметінің мәселелері бойынша:

Сыртқы коммуникациялар басқармасы

Тел: +7 (727) 237 10 89

E-mail: press@finreg.kz